

## ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАУЫН ДАМУДА АНА ТІЛІ САБАҒЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Заркенова Л.С., Ибраева М.Р.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ана тілі бастауыш мектептегі негізгі және маңызды пәндердің бірі, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеудің негізі, қарым-қатынас жасаумен дүниетанудың құралы, баланың зияты мен шығармашылығын дамытудың арнасы. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес.

Ана тілі байлығы әдеби шығармалар арқылы оқушының рухани деңгейін артады. Ана тілін оқу барысында балалардың өздерінің сөйлеу дағдылары да ұштала түседі, олар өз ойларын ауызекі түрде бейнелеп, өзгелердің сөзін толық түсінуді үйренеді.

Ана тілі пәнінің негізгі мақсаты – оқу дағдысының негізін қалау, тыңдауға, сөздің дыбыстық құрылысы туралы түсінік қалыптастыру, өз бетінше оқуға, кітапқа қызығушылығын ояту, ауызша диалогтық және монологтық сөйлеуін дамытады. Ана тілі пәні бойынша балаларға берер тәрбие ерекше. Бастауыш сыныпта оқылатын ана тілі сабағы аса маңызды келесі дидактикалық міндеттерді де шешуге тиіс:

- жалпы оқу дағдысымен машығын қалыптастыру;
- оқушылардың айналадағы дүние (адам, табиғат, қоғам) туралы түсініктерін байыту;
- оқушыларға идеялық, мінез-құлықтық тәрбие беру;
- оқушылардың логикалық ойлауын дамыту.

Ана тілі – ақыл-ой дамуының негізгі және барлық білімдердің қазынасы: одан барлық түсінік басталып, сол арқылы өтіп, және соған оралып отырады.

Ана тілі – идеялар мен білімдерді ұғынудың және оны таратушымыздың бірден-бір құралы. Егер оқушы бұл құралды нашар ұғынса, онда оның оқуына да үлкен қиыншылық туатыны сөзсіз.

Ана тілін үйренудің негізі мынада: бала айқын және өз бетімен үйренген ойын ғана айқын және өз бетімен білдіре алады. Көрнекілік баланың бір ойды өз бетімен түсінуінің қажетті жағдайы болғандықтан, ана тілін үйретуде көрнекілікті, интерактивті тақтаны, мультимедиялық презентацияларды қолданған жөн. Міне, сондықтан да барлық таңдаулы «Оқу кітаптарының» алғашқы мақалалары баланың төңірегіндегі заттарды суреттеумен басталады.

Бір заттың түсінігін бала ұғынып алады. Бұл зат сөз түрінде белгіленеді. Сөздің мағынасын жете түсініп үйренбеген болса, онда осындай негізгі кемшіліктің салдарынан қандай болмасын басқа бір пәнді зерттегенде елеулі кемшілікке кездесіп отырады.

Ойлауға келетін болсақ, ойлау – бұл объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, дүниені тану мен игерудің жоғарғы сатысы, тұлғаның танымдық әрекеті. Ойлау жоғары психикалық функциялардың бірі болып табылады. Ойлау формалары мен құрылымдарында адамзаттың бүкіл танымдық және тарихи-әлеуметтік тәжірибесі, материалдық және рухани мәдениеті дамуының басты нәтижелері қорытылып, бекемделген. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білеміз. Ойлаудың басқа психологиялық үрдістерден айырмашылығы, бұл әрекеттің бір қиын мәселені, күрделі ситуацияны шешумен байланысты болуы. Ойлау қабылдау сияқты емес, сезімдік тәжірибе шеңберінен асып кетеді. Ойлауда сенсорлық ақпараттар негізінде, теориялық және практикалық қорытындылар жасалады. Ойлау болмысты, тек заттар түрінде ғана емес, олардың қасиеті, өзара байланысы, қарым-қатынасы түрінде, яғни белгілі бір заңдылықтар мен қорытындылар түрінде көрсетеді.

Ойлау адам миының үлкен жарты шарларының қабығында үздіксіз өтіп жататын талдау және синтездеу (талқылау) әрекеті. Ойлау процесін іске асыру үшін ми қабығы түгелдей қатынасып отырады. Ойлау процесі үшін ең алдымен мәні зор физиологиялық процестер талдағыштардың мидағы ұштарының арасында туып жататын уақытша нервтік байланыстар болып табылады.

Ойлау бірінші сигналдық жүйенің нервтік байланыстарына сүйеніп қана қоймайды, ол екінші сигналдық жүйенің уақытша нервтік байланыстарына да сүйенеді. Сондықтан ойлау процесінің қызметіне мидағы сөйлеу орталықтары белсенділікпен қатынасып отырады.

Психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушысының бірте-бірте ой өрісінің қалыптасуына және заттарды тиісті ұғымдарға жатқыза алуына қарай өзінің ойын құрбылары арасында дәлелдеуге үйрене бастауына әкеледі. Ол не болса, соған көнбейді, өзгелерден дәлел келтіруді талап етеді. Сонымен қатар өзінің пікіріне, не берген жауабына сынмен қарап: пікіріне не ісіне өзгерісінің бағыты тұрғысына қарай алуға үйренеді. Ойлау процесі бірнеше кезеңдерден өтеді. Ол қажеттіліктен немесе бірдемелерді түсіну, түсіндіру керектігінен басталады. Бұл, ойлау әрекетінің бірінші кезеңі.

Ойлау процесінің пайда болуы үшін екі шарт қажет:

- 1) жаңа әдеттен тыс нәрсені белгілі нәрседен айыра білу;
- 2) бұл жаңа және бейтаныс нәрсені тануға: түсінуге, сырын ашуға ұмтылу.

ПДТ балалардың ойлау дамуының ерекшеліктерін ескере отырып үш топқа бөліп қарастырады:

ойлау қабілетінің дамуы қалыпты болғанымен танымдық қабілетінің төмендігін көрсететін балалар;

танымдық қабілеті және тапсырманы орындау белсенділігі бір қалыпты емес балалар;

танымдық қабілетінің дамуы артта қалып тапсырманы орындау деңгейі өте төмен балалар.

Қазіргі кездегі ПДТ балалардың ойлау әрекетінің ерекшеліктері туралы айтқанда, Т.В.Егорованың зерттеу материалдарына сүйенуге болады. Ол үлгермеуші бастауыш сынып оқушылардың көрнекі-бейнелік және сөздік-логикалық ойлау түрлерін, жан-жақты толық зерттеумен көп жылдар айналысты. Т.В.Егорованың жасаған тамаша әдістемелерінің көмегімен, бұл балалардың ойлау кемшіліктерінің спецификалық ерекшеліктері анықталды, оқу материалын ұсыну әдісі, балалардың ойлау деңгейіне сәйкес болмаған жағдайда бағдарламаның меңгерілмейтіндігі анықталды. Бұл әсіресе, арифметикалық есептер шығаруға үйретудегі, сөздік және көрнекі әдістерді салыстырудан анық байқалады. Материалды меңгерту үшін, оқытудың тиімді әдістерін пайдалану үшін, мұғалім үнемі ізденуі қажет. ПДТ оқушылардың басым көпшілігінде, ең алдымен, интеллектуалды мәселені шешуге деген дайындықтың болмауы байқалады. Қорытындылау немесе топтау үдерісінде, де осындай ситуация туындайды. Қорытындылау операциясының жеткіліксіз деңгейде қалыптасуы, заттарды белгілеріне қарай топтастыру кезінде байқалады. Олар терминдерді меңгеруде қиналады, кейде объектіні жақсы таниды, ал оның атын білмейді. Балалардың көбі, классификация жасаудың қарапайым түрлерін жақсы меңгерген. Қарапайым геометриялық фигураларды топтастыру сияқты тапсырмаларды еш қиындықсыз орындайды. Ал, күрделі геометриялық фигуралармен жұмыс істегенде, жұмыс өнімділігі бірден төмендейді, тек санаулы балалар ғана қатесіз орындай алады.

Баланың ойлау қабілеті. Ішкі психологиялық өмірі мен өзін-өзі реттеуінің қалыптасуы - танымдық салада бірқатар жаңа құрылымдардың пайда болуымен байланысты. Ең алдымен, бала ортақ түсініктер бойынша әрекет ету қабілетін меңгереді, оқиғалар мен құбылыстардың себеп-салдарлық қарым-қатынасын құра алады.

Бұл кезеңде баланың қоршаған әлемді түсінуге талпынысы артады және әлем туралы алғашқы түсінігінің кескіні пайда болады. Алайда, бұл қисынды түсінік емес, небары көрнекі-бейнелі ойлау ғана.

Көрнекі-бейнелі ойлау - ойлау қабілетінің кең тараған түрі. Ол тікелей затқа емес, сол заттың бейнесі мен баланың зат туралы түсінігіне бағытталған. Ойлау қабілетінің бұл түрінің маңызды шарттарының бірі - ойын. Ойын арқылы балада бір затты екінші заттан айыра білу дағдысы қалыптасады. Жаңа бейне жасау мүмкіншілігі туады. Бұл мақсатты осы кезеңнің маңызды құрылымдарының бірі - елестету арқылы іске асырады.

Көрнекі-әрекеттік ойлау түрінің деңгейі, бұл балаларда қалыпты балалардың деңгейімен бірдей десе болады, психикалық даму тежелуі өте айқын балаларда, сәл өзгеше болуы мүмкін. Балалардың басым көпшілігі, берілген тапсырмаларды дұрыс және жақсы орындайды, тек кейбіреулеріне ынталандырушы көмек керек болады, кейбіреулеріне тапсырманы қайталап түсіндіріп, нақты нұсқау беру қажет болады. Тұтастай алғанда, ПДТ балалардың ойлаудың бұл түрі, қалыпты дамып келе жатқан құрбыларының көрсеткіштерімен бірдей. Бұл көрнекі-әрекеттік ойлау, ол жоғары жануарларда да болады және оны И.П. Павлов, В. Келер, Н.Н. Ладыгина–Котс және т.б. сияқты ғалымдар жүйелі түрде зерттеген. Көрнекі-әрекеттік ойлаудың негізгі сипаттамасы атауында бейнеленген: тапсырмаларды шешу, бақыланатын қозғалыс актісінің көмегімен, жағдайды шынайы өзгертудің көмегімен іске асырылады.

Көрнекі-бейнелік ойлау түрі, көрнекі-әрекеттік ойлауға қарағанда, жоғары деңгейде болғандықтан, сараптамалар әртүрлі көрсеткіш береді. Арнайы психологияда сонымен қатар дербес түр ретінде көрнекі-бейнелік ойлау бөліктеніп тұрады. Бейнелік ойлаудың қызметі адамның жалпы жағдайлардың нақтылануымен жағдайды өзгертетін өз іс-әрекетінің нәтижесінде алғысы келетін, жағдайды және ондағы өзгерістерді түсінуімен байланысты. Бейнелік ойлаудың көмегімен заттың іс жүзіндегі әр түрлі сипаттарының әр алуандығы біршама толық түрде қайта жасалады. Бейнеде затты бір мезгілде бірнеше көзқарас тұрғысынан көру тіркелген. Бейнелік ойлаудың өте маңызды ерекшелігі – заттар мен олардың қасиеттерінің әдеттегі емес, “керемет” сәйкестіктерін анықтау. Көрнекі — әрекеттік ойлауға қарағанда көрнекі–бейнелік ойлауда жағдай тек бейне тұрғысында өзгереді [3].

Көрнекі ойлау және дерексізденген–теориялық ойлау көптеген тәсілдермен бір-біріне өтеді. Олардың арасындағы айырмашылықтар салыстырмалы; ол сыртқы кереғарлықты көрсетпейді, алайда ол маңызды. Кез келген ойлау азды–көпті жалпыланған абстрактілі ұғымдарда жасалады және барлық ойлау азды–көпті көрнекі сезімдік бейнелерге қосылады; ұғымдар және бейне–түсініктер оларда үздіксіз бірлікте беріледі. Адам түсініктерсіз, сезімдік көрнекіліктен тыс ойлай алмайды; ол сондай–ақ ұғымдарсыз, тек қана сезімдік–көрнекі бейнелерде де ойлай алмайды. Сондықтан да көрнекі және ұғымды ойлау туралы оларды сыртқы қайшылықтар деп айтуға болмайды; алайда түсініктер және ұғымдар бір-бірімен байланысып қана қоймаған, олардың бір-бірінен айырмашылығы да болады, біртұтас ойлаудың ішінде, бір жағынан, көрнекі, екінші жағынан–абстрактілі–теориялық ойлауды ажыратуға болады. Біріншісі үшін тән нәрсе түсініктер мен ұғымдардың бірлігі, жалпы мен жалқы үшін көрнекі бейне– түсініктердің формасы тән болады; екіншісі үшін көрнекі бейнелер – түсініктер және ұғымдардың бірлігінде жалпы ұғымдар формасы тән болады. Танымның әртүрлі деңгейлері немесе сатылары болатын, бейнелі және абстрактілі–теориялық ойлау бірыңғай процестің әр түрлі жағы болып табылады және объективті шындықтың әр түрлі жақтарын танудың адекватты тәсіліне тең. Дерексізденген ойлау ұғымы жалпыны бейнелейді; алайда жалпы ешқашан да ерекшені және жалқыны жоққа шығармайды; осы соңғысы бейнелерде бейнеленеді. Сондықтан да әсіресе Гегель жүйесінде ретті жүргізілген ой, бейне танымның төменгі деңгейі бола алады, егер де жоғары деңгейде олар ұғымдармен алмастырылмаса, осы жағдай шындықты ұғыммен жасауды қате қиялдаған рационалисті адастыру болып табылады. Сондықтан да біз көрнекі –бейнелі ойлау мен абстрактілі–теориялықты екі деңгей ретінде ғана емес, бірыңғай ойлаудың екі түрі немесе екі аспектісі деп ажыратамыз; тек ұғым ғана емес, ойлаудың барлық, тіпті жоғарғы деңгейінде бола алады. Бейне ойды байытады дегенге кез келген метафораның мысалында көз жеткізуге болады. Кез келген метафора жалпы ойды көрсетеді; метафораны түсіну үшін оның жалпы мағыналық мазмұнын бейнелік формада ашуды талап етеді, себебі метафоралық бейнені қолдану үшін жалпы ойды адекватты білдіретін бейнелерді табуы талап етеді. Егер бейне жалпы ойға ештеңе қоспаған болса, онда метафоралық бейнелер қажетсіз әшекейлер мен артық масыл болған болар еді.

Сөздік- логикалық ойлау түрі – ойлаудың ең жоғары деңгейі, сондықтан, көрсеткіштер бірден төмендей бастайды. Сөйтсе де, ПДТ балалардың арасында, ойлаудың бұл түрінің даму деңгейі, қалыпқа сәйкестері кездеседі. Балалардың тапсырманың тек жартысын ғана орындауға шамалары жетеді. Көп жағдайда балаларға сөздік қордың аздығы, логикалық байланыстарды орындата алмау, заттар мен құбылыстардың өзара қатынасын ұғынбау тәрізді кемшіліктер кедергі жасайды. Қалған балалардағы ойлау деңгейі төмен. Олардың сөздік-логикалық ойлау түрі әлі жетілмеген, тек енді ғана дами бастаған деп санауға болады. Көрнекі-әрекеттік, көрнекі–бейнелік, сөздік–логикалық ойлау онтогенез бен филогенездегі ойлаудың даму кезеңдерін қалыптастырады. Қазіргі таңда психологияда ойлаудың бұл үш түрі үлкен адамда да болатындығы және әр түрлі тапсырмаларды шешуде қызмет ететіндегі сенімді көрсетілген. Бейнеліп көрсетілген топтастыру жалғыз емес. Көркем ойлауда бейненің өзі жалқыны нақтылы бейнелей отырып, сонымен бірге жалпыланған функцияны орындайды; абстрактілі схема болған, ол индивидтің нақты бейнелеуін көрсетеді, толық мәнді көркем бейне жалпыға дейін жоғарылайды. Бейнеде тек жалқыны ғана көру өте қате болар еді. Бейнелер жалқының және жалпының бірлігін береді; олар бір бірімен өзара байланысты болуы қажет, себебі бейнелетін объективті болмыста олар өзара байланыста болады. Көркемдік ойлауда бейнелер жалпыланған функцияны атқарады, сондықтан да көркем шығарманың бейнелі мазмұны оның идеялық мазмұнын тасушы болады. Егер де көрнекі бейне өзіне идеялық мазмұнды қоса алмаса, онда ығи да көрнекі бейнелі материалмен жасалатынын көркем шығарма идеясыз, үрдісшіл болар еді, себебі үрдісшілдік және көркем емес бейнелерсіз жалпы формулада мүлдем еш нәрсе бермейтін бейнелерден басқа идеялық мазмұнды беретін шығарма болар еді. Шын мәнінде кез келген көркем шығарманың қандай да бір идеялық мәні болуы қажет, себебі әрбір көркем шығарма қандай да бір дәрежеде белгілі бір идеологияны бейнелейді. Мәселенің мәнісі ол оны қаншалықты дәрежеде жасайтындығында. Шынайы көркем, бір мезгілде идеялық және көркем шығармада оның бейнелік мазмұны оның идеялық мазмұнын ғана тасымайды, ол оны басқаша білдіреді, және ол дерексізденген формулада және жалпы жағдайда жасауға болады. Бейнелік ойлау, сөйтіп, ойлаудың ерекше түрі болып табылады. Мектепке келгенде, балалардың ойлау әрекетінде кездесетін, жоғарыдағы аталған қиындықтар ең алдымен, ойлау әрекетінің негізгі компоненттері болып табылатын, интеллектуалды операцияларды әлі толық меңгермегендігімен байланысты.

Ой дамыту – тіл дамытумен ұштасады. Тіл дамытудың тиімді құралдарының бірі - жаңылтпаш, жұмбақ айтқызып, оның шешімін табу. Себебі бұлар баланың дүниетанымын, түсінігін,

болжағыштығын, ұғымын кеңейтуде және тілін ұстартып, ойын дамытуда маңызды рөл атқарады. Баланың тілін шыңдай түсіп, асықпай жатық еркін сөйлеуіне көмектеседі. Жаңылтпаштар балаға затты аңғаруға, ой-өрісін дамытуға игі әсерін тигізеді. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмейтін дыбыстарды анық айтуға жаттығады. Жұмбақтарда аталған нәрсенің сипат белгілеріне қарап, балалар олардың шешімін табады. Балаларды тез ойлауға, шапшаң жауап беруге, алғырлыққа, тапқырлыққа үйретеді.

Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты сөздік жұмысы оқу-тәрбие жұмысының барлық саласында жүргізіледі. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Оқу әрекеті барысында сөздік жұмысы балалардың ойын дамытумен тығыз байланысты, балаларды асығып-аптықпай немесе тым жайбарақаттыққа салынбай, байсалды сөйлеп үйренуге, өзін дұрыс ұстауға, мәдениетін қалыптастыруға үйретеді.

Сонымен, қорытындалай отырып психикалық дамуы тежелген балалардың ойлау қызметінің дамуында да айқын артта қалушылықпен өзгешеліктері бар екендігі байқалынады. Олардың барша ойлау формаларының артта қалуы байқаланыды, мектептегі оқудың басталуына қарай мұндай балаларда, әдетте әлі негізгі ойлау операциялары: талдау, топтау, салыстыру, қорыту қалыптаспаған. Ойлау белсенділігінің төмендігі айқындалған. Психикалық дамуы тежелген балаларды көрнекі – бейнелік және сөздік –логикалық түрлері сақталған, бұл балаларға қарым-қатынасқа тікелей түсуге мүмкіндік береді.

Ана тілі жас баланың ақыл-ойының дұрыс дамуына білімді еркін және оңай меңгеруіне көп жеңілдік келтіреді. Сол себепті мектепте ана тілін оқыту ісіне ерекше мән беріледі. Өйткені ана тілін дұрыс меңгермеген оқушы басқа пәндерді де ойдағыдай үйрене алмайды. Білгенін не сөз тауып айтып бере алмай, не ойын қағаз бетіне түсіре алмай, қиналады. Осыдан-ақ ана тілі мектептегі негізгі пәндердің бірі екенін анық байқаймыз. Сондықтан да қазіргі кезде бастауыш мектепте оқушылардың сөздік қорын байытып, сол үйренген сөздерін қолдана отырып, айтайын деген ойын анық жеткізіп сөйлеуіне зор көңіл бөлінеді. Осыған орай педагогикалық іс-тәжірибе барысында ана тілінде психикалық дамуы тежелген оқушылардың дұрыс сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейде көтеру, яғни сөйлеу тілі мен ой-өрісін дамытуға ерекше назар аудару қажет. Ана тілі адамның қатынас құралы ретінде оның барлық өміріндегі нәрі, азығы іспетті екені белгілі.

#### Әдебиеттер:

1. Рахметова С.,Қабатаева Р., Әдікәрімова Т., Ана тілі. Оқыту әдістемесі 1-4 сынып. – Алматы: «Атамұра», 1999. – 96 б.
2. Тебенова Қ.С. Дамуында ауытқулары бар балалар. Оқу құралы. -Қарағанды., 2011. – 131б.
3. Қ.С.Тебенова, А.Р.Рымханова Арнайы психология негіздері. Оқу - әдістемелік құралы.- Қарағанды, 2011. – 338 б.
4. Кушербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері // Дефектология, 2011. - № 3. - 17 б.

## ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ С РАННИМ ДЕТСКИМ АУТИЗМОМ

Заркенова Л.С., Саятулекова Д.Р.

Карагандинский государственный университет им. академика Е.А.Букетова

На сегодняшний день одним из основных направлений образования является коррекционное образование, которое направлено на обучение, воспитание, а также интеграцию детей с ограниченными возможностями в современное общество, что отражено и в Законе Республики Казахстан от 11.07.2002 г. № 343-ІІ «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» .

Коррекционное образование или коррекционная учебно-воспитательная работа представляет собой систему специальных психолого-педагогических, социокультурных и лечебных мероприятий, направленных на преодоление или ослабление недостатков психофизического развития детей с ограниченными возможностями, сообщение им доступных знаний, умений и навыков, развитие и формирование их личности в целом.

Известно, что развитие аномального ребёнка подчинено тем же закономерностям, что и при нормальном развитии. Но особенности детей, связанные с недостатками развития интеллектуальной сферы, ограничивают получение информации из окружающего мира, приводят к нарушению средств